


**Қарағанды Мемлекеттік Медицина  
Университеті  
Терапиялық және Ортопедиялық  
стоматология кафедрасы**



# СӨЖ

- **Тақырыбы: Пластмассалы қаптама жасау, көрсеткіштері.**



- **Қабылдаған: Аубакиров С.Е**
- **Орындаған: Шолпанкулов Е.К**
- **Тобы: СТК-4-002**



# Жоспары

## I. Кіріспе

Пластмассадан жасалған қаптаманы қолданудың негіздері.

## II. Негізгі бөлім

Пластмассадан жасалған қаптама дайындаудың кезеңдері.

Пластмассалы қаптаманың көрсеткіштері.

**Қорытынды**

**Пайдаланылған әдебиеттер**

**Пластмасса** – дегеніміз табиғи заттардан химиялық жолмен алынатын немесе төменгі молекулалық заттарды синтездеу арқылы түзілетін күрделі органикалық заттар.

Табиғатта пластмассаның негізін құрайтын заттар: табиғи газ, тас көмір, мұнай, торф және басқа табиғи заттар.

Пластмассалар жеке (плексиплас, полистирол) және бірнеше полимерлердің (аминопластмассалар, фенопластар және сополимерлер) қосындысынан тұруы мүмкін



**Пластмассалар** ағза үшін оның зиянсыз болуы, ауыз қуысының шырышты қабықтарын тітіркендірмей және ауыз сілекейімен реакцияға түспеуі, ауыз қуысының кілегей қабығымен түстес болып және өзінің түсін ұзақ уақыт өзгертпеуі, технологиялық алу жолдарының оңай және құнының арзан болуы, кейбір физикалық және механикалық көрсеткіштерінің талапқа сай болуы, басқа материалдармен оңай және берік байланысуы, металмен және басқа пластмассалармен химиялық байланысқа түспеуі, пластмассадан жасалған жасанды тістер сынған жағдайда оңай жөнделуі қажет



Стоматологияда кең  
қолданылатын  
пластмассалар:

**этакрил**

**акронил**

**фторакс**

**бакрил**



# Пластмасса сауыттарды қолдануға көрсетімдер

1.Тісжегі салдарынан тістің бұзылуы

2.Тістің қалыптан тыс түр-пішіндері мен шамалары

3.Тіс түсінің өзгеруі

4.Кіреуке гипоплазиясы тіс флюорозы, сына тәрізді кемістіктер ,тістің қатты тіндерінің гиперестезиясы

5.Фурнье,Гетчинсон,Пфлюгер тістері



## Салыстырмалы қарсы көрсетілімдер:

1. Тістің төмен клиникалық сауыты
2. Терең тістем
3. бруксизм, пластмассаға төзбеу





**Пластмассалы  
қаптамалардың  
металды қаптамағанда  
артықшылықтары  
болады, қаптаманың  
түсі табиғи тістердің  
түсіне сәйкес келеді,  
сондықтан оларды  
алдыңғы тістерге  
косметикалық  
мақсатымен  
дайындайды.**

# ТІСТІҢ САУЫТ БӨЛІГІН ПЛАСТМАССА САУЫТ АСТЫНА ЕГЕУ ӘДІСТЕМЕСІ.

1.Тістің ішкі және вестибулярлы бетін егеу

Карборунд не алмас бұрғылар,өрнекті жұмыршақ тастармен егелеймиз.

2.Кескиш қырмен шайнау бетин егеу.Тіс шамасына қарай алмас немесе карборунд тастарды таңдау қажет.Қатар тұрған тістерді зақымдап алмауды скерген жөн.

3.Тістің медиодистальды беттерін егеу(сепарация)

4.Үшкір шеттерін бұрыштарын тегістеу.

5.Тісті мойын жаны бөлігінде кертпе жасау үшін егеу.

6.Егелген тістің сапасын бағалау.




## ПЛАСТМАССАЛЫ ҚАПТАМА ДАЙЫНДАУДЫҢ КЛИНИКО - ЗЕРТХАНАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІ

1- келуі : Науқасты тексеру, диагноз қою, емдеу жоспарын құру. -  
Модель құю ; - Тісті егелеп, екі жақтан да үлгі алу; - Пластмассалы қаптама үшін түсін анықтау; 2-келуі: Шақтап келтіру және қаптаманы цементке бекіту




Модель құю ; Модельді орталық окклюзияда құрастырып, оклюдаторға бекіту; -  
Пластмассалы қаптаманың балауыз мүсінін дайындау; -  
Балауызды пластмассаға ауыстыру.  
- Пластмассалы қаптаманы өңдеу және жылтырату.






a



b




B



## ҚАПТАМА ДАЙЫНДАУ ЕКІ КЛИНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕКІ ЗЕРТХАНАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРДЕН ТҰРАДЫ.

- Егерде модель орталық окклюзияда құрастырылмаса тіс технигі тістесу біліктерін дайындайды. Бұл жағдайда пластмассалы қаптама науқастың үш рет келуімен бітеді. Модель құйғаннан кейін тіс технигі егеленген тістің мойынын оюлайды және оны 0,3 мм ұзартады. Одан кейін балауыздан жасанды қаптаманың пішінін келтіреді. Балауыздан пластмассалы қаптаманың анатомиялық пішінін толық көлемде қалыптастырады, кейде ол аздап үлкен болады, өңдеу және жылтыратуға байланысты. Пішіндеуді ақ немесе сары балауызбен жүргізеді, өйткені түсті балауыз бояғыштары пластмассаның түсін өзгертуі мүмкін.







**Пішінделген балауыз қаптаманы көршілес тістер аймағымен аздап модельден кесіп алады да қалыпқа ғаныштайды. Ғаныш қатқаннан кейін балауызды ыстық судың көмегімен ағызып жібереді. Қалыпты суытады, керек түсті пластмассаны алып араластырады. Пластмасса ісінгеннен кейін оны қалыпқа салады, нығыздайды, бюгельге қысады да полимеризация жүргізеді. Көпіршіктер мен ішкі жарықшалар пайда болмас үшін полимеризацияны өте ұқыпты жүргізеді. Суыған қалыптан қаптаманы алып оны өңдейді, әрлейді, жылтыратады**

# Пластмассалы қаптама дайындаудың клиникалық кезеңдер

## Жұмыс істеу кезеңдері

- 1. Ғаныштық үлгіні желімдеу. 2. ғанышты модель дайындау. 3. Балауыз біліктерін дайындау. 4. модельді оклюдаторға ғаныштау. 5. Пластмассалы қаптаманың балауыз мүсінін дайындау.

## Жұмыс істеу реттілігі

- Қызыл иек жиегі сызығын белгілеу және тіс аралық кеңістікті ажырату. ·  
Ерітілген балауызды егеленген тіске құяды және қаптаманың анатомиялық пішінін келтіреді. ·  
Пластмассалы қаптама пішінделген тісті модельден кесіп алады.



• 7.пластмассалы қаптаманы қалыптау. 1. полимеризация. 9. пластмассалы қаптамны өңдеу және жылтырату

- Қалыпты жұмысшы жағдайына келтіру. · Қалыптың төменгі бөлігіне сұйық ғаныш құйылады да оның ішіне қаптаманың балауыз құрылымы салынады. · Қалыптың жоғарғы бөлігі салынып үстінен ғаныш Ғаныш қатқаннан кейін қалыпты ыстық суы бар ыдысқа салады. · Қалыпты ашып ыстық сумен балауызды ағызып жібереді. · Қамыр тәрізді пластмассаны дайындау. · Қаптаманы қалыптау. · Қалыпты қыспақтың астына салу. · Қалыпты қыспақтың астына алып оны бюгельге бекітеді. · Қалыпты бюгельмен бірге суға салады. Полимеризация жүргізіледі, одан кейін суыған қалыптан қаптама алынады. · Тегістегіш моторда тегістеу, зімпара қағазымен өңдеу. Ішкі бетін бұрғымен тегістеу

- Жасалынатын пластмассаның сауыт қалыңдығы 0,5-0,7 кем болмау керек. Бұл сауыттың беріктігі мен түсінің сақталуын қамтамасыз етеді. Сауыт жасамас бұрын целлулоидты қалпақша дайындап алады. Содан кейін қалпақшаны тез қататын пластмассамен құйып толтырады. Пластмасса қатқан соң сыртқы қалпақшаны кесіп алып тастайды. Алынған сауытты тегістеп, жылтыратады



- Ең жақсы нәтижені алу үшін аралас әдістерді қолдану керек. Әуелі үлгі арқылы пластмассада сауытты дайындап аламыз. Содан кейін оны жақтың қабысуына кедергі жасамау үшін оның енін пішінін және биіктігін қалыпқа келтіріп, тіс сауытына орналастырады. Содан соң сауытты тістен шешіп алып, оның ішкі жағын мономерлеу сүртіп, ішіне тағы тез қататын пластмассамен толтырамыз. Бұны жасап біткеннен кейін сауытты тіске отырғызады. Сығылған пластмассаны алып тастайды. Пластмасса әбден қатқаннан кейін сауытты тістен шешіп аламыз. Артық пластмассаны кетіріп, сауытты жылтыратып, оны гипске бекітеді. Бұл әдіс басқа әдістерге қарағанда тиімді






**Пластиковая  
коронка**

- Сақина көмегімен қалып шешу арқылы пластмассада сауыт жасау. Сауытты термопластикалық масса мен цементпен құйып толтыру арқылы алады. Цементпен жасалған тістің үлгісін әуелі балауыздан үлгіні жасайды, оны гипстейді, пішінін келтіреді, сығады да пластмассаны жылтыратады. Цементпен жасалған тістің берік үлгісіне қарап, сауытты дайындағанда сауыт дәл шығады. Ол ауызда сауыттың тісте орнығуын жеңілдетеді.



# Пайдаланған әдебиеттер

- Бердімбетов Е.А. „Ортопедиялық стоматологиядағы материалтану“ оқулық құрал. – Қарағанды, 1993. – 63 б.2.
- Копейкин В.Н., Кнубовец Я.С., Курляндский В.Ю., Оксман И. М. Зубопротезная техника. – М.:Москва, 1978 – 425 с. 3.
- Рузуддинов С.Р., Морчик Н.В., Жақсыбаев Б.И. Техника изготовления несъемных зубных протезов. – Алматы, 2000. – 97с. 4.
- Трезубов В.Н., Щербаков А.С., Мишнёв Л.М. Ортопедическая стоматология. Пропедевтика и основы частного курса: Учебник для медицинских вузов. Под ред. проф. В.Н.Трезубова. – СПб.:СпецЛит, 2003. – 480





□ Назар  
аударғандарыңыз  
үшін рахмет!!!

